

№ 2 арнайы жалпы білім беру мектебі

Тренинг тақырыбы:
« МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ »
(9-10 сынып оқушылары)

Педагог-психологтар:

Чыгырбаева К.Ж.

Сартбаева Ш.К.

Ақтау-2023ж.

Мамандықтар әлемі

Ең жақсы мамандық — адам болып қалу.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру, өмірдегі қажетті таңдауда дұрыс шешім қабылдау.

Сонымен біздің бүгінгі сабағымыздың эпиграфы ретінде мына өлең жолдарын алайық:

Мамандық алғың келе ме?

Мамандық өзі немене?

Айналаң толған мамандық,

Айналаң толған өнеге.

Психолог: Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені, таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі.

Ал осы мамандықтың қанша түрі бар деп ойлайсындар?

Американдық кәсіптер сөздігінің мәліметтері бойынша 40 мыңға жуық мамандық түрі бар екен. Сонымен «Ми шабуылы» — ой қозғауы бастайық: Жалпы сұрақ 3 минут

Мамандық дегеніміз не?

Мамандықты меңгеру үшін не қажет?

Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?

Ауыл экономикасын көтеру үшін, ауылға ең алдымен қандай мамандықтар қажет деп ойлайсындар?

Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек?

Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек?

Адам өзің белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек?

Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

«Мамандық қасиеттері» тренингі (5 минут)

Жүргізуші психолог: Нұсқауы. Мен белгілі бір мамандықтарды атаймын, ал тренингке қатысушылар аталған мамандықтарының бойында болуы қажет қасиеттерді тез арада атап беруі керек.

Мысалы жүргізуші психолог: «мұғалім» мамандығын айтса, қатысушылар: салмақты, әдепті, жауапкершілігі мен адамгершілігі мол, т.с.с. Сонымен: «дәрігер», «құрылысшы», «шаштаразшы, әнші, домбырашы, дүкенші» .

Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА МЫНАДАЙ БІР ФОРМУЛА БАР:

«ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ – ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН – ҮЙРЕНУ КЕРЕК».

«Ең, нағыз...» деп аталатын ойын ойнап көрейік.

Қазір сендерге мамандықтардың кейбір ерекше мінездемелері ұсынылатын болады, ал сендер берілген мінездемеге барынша сәйкес келеді деген мамандықтарды атауыңыз керек.

- Ең жасыл мамандық – бағбан,бақташы
- Ең тәтті мамандық – аспазшы,тәтті пісіруші
- Нағыз ақшалы мамандық – мұнайшы,есепші т.б
- Ең күлкілі мамандық –клоун
- Нағыз адамдармен көп араласатын мамандық – психолог мұғалім
- Ең ауыр мамандық –жүк тасушы
- Ең таза, ең ұқыпты әппақ киім киетін мамандықты не деп атаймыз балалар?-дәрігер.

Қорытындылау.

Психолог:

— Мамандық таңдауда қандай факторлардың әсер ететінін байқадық. Сонымен қатар, бүгінгі сабағымызда мамандық таңдау жолының бір адамдарда оңайлықпен өтетінін, екінші адамдарда оның қиын, тіпті бірнеше сатылардан тұратынын, біреулердің өмірден орын таба алмай күйзелген жағдайларын да білдік. Мамандық таңдау жасындағы жастарға көптеген жалған пікірлер әсер етеді. Ол пікірлер жастарды мамандық таңдауда сәтсіздіктерге әкеледі. Сондықтан да:

Көк жүзіне алаулы,

Міндет емес ай болу.

Ең бастысы қалаулы,

Кәсібіңе сай болу!- демекпін.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

**9- 10 сынып оқушылардың мамандақ таңдау бағытын анықтау
жұмысы туралы ақпарат:**

Максат: Оқушылардың мамандық таңдауы туралы ойларын кеңейту, нығайту. Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар әлемінен ақпараттар беру. Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, мамандықты өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз- өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.

Оқушылардың мамандақ таңдау бағытын анықтау үшін: *«Мамандықтар әлемі»* туралы әңгіме жүргізіліп, сауалнама толтырылды:

9«а» сыныбынан - 6 оқушы қатысты (1 оқушы сабақта жоқ). Мүмкіндігіне байланысты өзін дұрыс бағалаған- бір оқушы ол, Гулуева Анара- дәрігер (врач) болғысы келеді. Қалғандары өздерінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алмады, олар: аспазшы мамандығын тандап отыр. 1 оқушы кім болғысы келетінін білмейді (Мартынов Сергей).

9 «б» сыныбынан - 6 оқушы қатысты (4 оқушы сабақта жоқ). Насырла Мансұр- кәсіпкер, Бектурганова Аяулым, – аспазшы болғысы келеді. 4-оқушы кім болғысы келетінін білмейді (Мүмин Ибрахим, Түйебай Әсет, Оразбаев Абай, Төлеген Азамат).

9 «в» сыныбынан – 4 оқушы қатысты. Мүмкіндігіне байланысты оқушылар өз ойын жеткізе алмады.

10«б» сынып- 6 оқушы қатысты (4 оқушы сабақта жоқ). Мүмкіндігіне байланысты өзін дұрыс бағалаған: 5 оқушы-Баубек Сағыныш аспазшы, Сағындықов Нұргиса биши, Байжанова Асель дәрігер, Тезекбаев Кабыл әнші, Ерланұлы Шаттыбек термеші мамандықтарын тандап отыр. 1-оқушы кім болғысы келетінін білмейді (Серкебаев Бақытжан).

Жалпы қатысқандар: 9-10 сыныптан- 22 оқушы,

Жалпы оқушылардың мамандық таңдау туралы түсініктері бар.

15.02.2023ж.

Педагог- психолог:



Чыгырбаева К.Ж